

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 386 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 маусымда № 5086 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 151 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 20.05.2020 № 151 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес, Төлеби ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиян, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Төлеби ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 190 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4585 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 05 мамырдағы "Төлеби туы" газетінде жарияланған және 2018 жылғы 11 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Төлеби ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Төлеби ауданы әкімінің орынбасары Р . Бейсебаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Омарбеков*

Төлеби ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 11 маусымдағы  
№ 386 қаулысына  
қосымша

## **Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Төлеби ауданы бойынша ұйымдарының тізімі**

№	Кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы	Тізімдік саны	Қызметкерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 16 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	1
2	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 4 Қ. Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	69	2	1
3	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 6 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	53	2	1
4	Төлеби аудандық білім бөлімінің "№ 3 П. Тәжібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	107	3	1
5	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2	1
6	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Ақбастау атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2	1
7	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Алатау атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	95	2	1
8	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Б. Тұлкиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	2	1

9	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Әл Фараби атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	2	1
10	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	2	1
11	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Нысанбек атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2	1
12	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Сарқырама атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2	1
13	Төлеби аудандық білім бөлімінің "Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ